

Дулат этнонимі қырғыздардың рулық құрылымында да кездеседі. Қырғыздың Саяқ тайпасының құрамында қайдулат руы мен дулат бөлімі болған, ал құшшы тайпасының арасында меңдулат руы болған. Бұл рулардың белгілі дәрежеде қазақтың дулат тайпасымен және орта ғасырлардағы дулаттармен өзара байланысы бар. Бұл жерде қазақтың дулат тайпасымен қырғыздың құшшы тайпасының таңбаларының ұқсастығы назар аудартады. Бұл тайпалардың екеуінің де таңбасы дөңгелек бейнесінде бейнеленген. «Манас» эпосында сонымен қатар екі халықтың да құрамында кездесетін албан, жәдігер, қатаған, найман, қыпшақ, қытай, қанды, сары, балықшы, шекті, қоңырат, сарт сияқты барлығы 17 ру-тайпа атаулары кездеседі. «Манас» эпосынан қырғыз халқының тек Ұлы жүз қазақтарымен ғана емес Орта және Кіші жүз қазақтарыменде этникалық байланыстарын көреміз.

Автор Е.С. Альчикенов жоғарыдағы ойларды айта келе мынандай тұжырым жасайды: «Қазақ пен қырғыз этнонимдерінің бұл сәйкестіктерін кездейсоқтық деп айтуға болмас. XIV-XV ғасырларда Оңтүстік Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан территорияларындағы Моғолстан мемлекетінің құрамында болып келген көптеген түркі және түркіленген моңғол тайпалары XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында Моғолстан мемлекетінің орнында қалыптасқан қазақ және қырғыз халықтарының құрамына кірген болатын. Бұл тайпалардың әуел бастан шығу тегі мен тарихы бір болатын».

Қорыта келе қазақ, қырғыз түбі бір түркі еліненбіз, яғни қандас бауырлармыз. Сондықтан қазақтың «қырғыз» аталуына себеп болған бірінші мәселе осы. Екіншіден қазақтарға «қырғыз» қосымша атын орыстар берген деген ойды түйіндейміз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Левшин А.И. Описание киргиз – казачьих или киргиз – кайсацких орд и степей / подобщей редакцией академика М.К. Козыбаева – Алматы, 1996. – 656 с.
2. Сүтеева Қ. Шоқан еңбектеріндегі төл тарихқа қатысты деректер. // Қазақстан тарихы. 2002 ж. №4.
3. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымов. Алматы, 1991. - 31 б.
4. Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. –Ташкент: 1925. – 65 с.
5. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: /Бес тарих/. Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. Алматы, 1992. - 304 б.
6. Мамырұлы Қ. Қазақтар неге қырғыз аталған? // Қазақ тарихы, 1997 ж. №5.
7. Артықбаев Ж. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ шежіресі және Ә.Бөкейханов // <http://qasym.kz>
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – А., 1992. -46 б.
9. Альчикенов Е.С. ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы қырғыз-қазақ халықтарының арасындағы саяси және этникалық байланыстар // <http://www.kz/makalalar>

## ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

**Смағұлов Н.Б.**, тарих магистрі

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

552-744 жылдары Орталық Азия территориясында өмір сүрген Түрік қағанаты өзінің дамуы мен қалыптасуының ерекшелімен дүниежүзілік тарихта маңызды орын алады. Ежелгі қытайдың әулеттік тарихи жылнамасы «Синь Тан Шуда» берілген деректе түрік қағанатында 28 дәреже бойынша басқарылған лауазымы болғанын дәлелдейді [1, 150 б.]. Қағанатта жоғарға билік қағанның қолына шоғырланды, саяси билік мұрагерлік дәстүрмен сайланды. Қаған соғыс және бейбітшілік, басқа мемлекеттермен қарым-қатынас мәселелерін шешті. Жоғарғы билеуші қағанның жақын туыстарынан арасынан «жабғы» лауазымын иеленген қағанаттың оң және сол қанаттарын басқаратын мемлекеттік қызметшілер шықты. Түрік қағанатының әскерлерінің құрамына түріктерден басқа бағынышты тайпалардың өкілдері де кіріп, олардың да әскерлері ондық принциппен жасақталатын қуатты әрі тегеуірінді армияның атты әскері болды. Жергілікті билеушілерге, қағанаттың әкімшілік иерархиясы бойынша мемлекеттік қызметтің лауазымдары беріледі. Мемлекеттік идеологияға жауап беретін тұлғалар Орхон өзені бойындағы ескерткіштерге «Басы барларды еңкейтуге, тізесі барды тізерлетуге мәжбүр еттік. Шығысқа және Батысқа өз халқымызды орналастырдық» [2, 63 б.] деген өсиет сөздерді тасқа түркі жазуымен қашап жаздырған.

603 жылы билік үшін таққа таласқан билеушілердің өзара келіспеушілігі салдарынан Ұлы Түрік қағанаты Батыс және Шығыс қағанаттары болып екіге бөлініп кетеді. Әлсіреген Шығыс Түрік

қағанатының халқы 630-680 жылдар аралығында Тан империясына бағынды. Түркілерге жеңімпаздар тарапынан тұрмыс-салттарын ұстауға немесе әдет-ғұрыптарын сақтауға ешқандай тыйым салынбайды. Бірақ түрік халқы үшін еркіндік пен бостандық барлық құндылықтан жоғары болды. Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінде бұл уақытты былай жазып қалдырған: «Алтын, күміс, ішкілікті, жібекті есепсіз сонша берген Табғаш халқының сөзі тәтті, ақығы (қазынасы) асыл еді. Тәтті сөз, асыл қазынасымен арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Тәтті сөз, қымбат дүниесіне алданып түрік халқы, өлдің» [2, 65 б.]. Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі жазуда түркілердің қайғылы тағдырынан хабар бере отырып, олардың қытайдың мүддесіне орай қызмет жасағандарын былайша баяндайды: «Табғашшыл бектер табғаш атын тұтынды. Табғаш қағанға бағынды. Елу жыл ісін-күшін берді. Олар ілгері күншығыста Бөккі қағанға дейін жаулады. Кері Темір қақпаға дейін жаулады. Табғаш қағанға басқаның елін, төрін (билігін-үкіметін) алып берді» [2, 61 б.]. 630-680 жылдардың аралығында іргелі тайпаларының арасында ынтымақ-бірліктің болмауынан, түрік халқы елу жылдай қытайлардың бағынышты боданы болды.

682 жылы Тан империясына қарсы рухы биік түркілерді көтеріліске Құтлық қаған бастап шығады. Қытайларға қарсы қиян-кескі шайқас жүргізген түркі тайпалары Тан империясының армиясын бірінен соң бірін талқандап жеңіске жетеді. Қағанатты қайтадан қалпына келтірген түркі халқы бірауыздан Құтлықты қаған сайлады. Зерттеушілер қайта жаңғырған қағанатты – Екінші Түрік қағанаты деп атайды. 682-745 жылдары өмір сүрген Екінші Түрік қағанатының саяси орталығы Алтай тауы мен Орхон өзенінің жағасында орналасты [3, 240 б.]. 682-692 жылдар аралығындағы 10 жыл ішінде Құтлық-Елтеріс қаған Қытайға қарсы 47 мәрте жорық жасаған. Шабуыл нысаны қытайдың гарнизондары мен облыс орталықтары болған. Құтлық қаған Шығыс Түрік қағанатын қуатты мемлекет дәрежесіне көтерді. Осындай зор жетістігі үшін түркі халқы Құтлыққа Елтеріс қаған (елді теруші, жинақтаушы мағынасында) деген құрметті атақ берді. 692 жылы Құтлық қаған өлгеннен кейін, орнына түркілердің ел басқарудағы заңы бойынша інісі 27 жастағы Қапаған отырады. Қапаған қаған таққа отырған соң түркі тайпаларын біріктіруді одан ары жалғастырып жорықтар жасап, көнбегендерін күшпен бағындырады [4, 53 б.]. Екінші Түрік қағанаты Түркі қағанатындағы әскери-әкімшілік билік құрылымын қабылдады. Көршілес мемлекеттермен дипломатиялық, экономикалық, мәдени қарым-қатынас орнатты. Шаруашылық қызметтің негізгі түрлері көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік болды, сауда дамыды. Екінші Шығыс Түрік қағанаты тайпалық белгісі бойынша екі аумақтық бірлестікке бөлініп, тардуш Батыс қанаты және телестердің Шығыс қанаты деп аталды. Мемлекет басшысы – қаған жоғарғы билеушінің өкілеттігіне және жоғарғы судьяның функцияларына ие болды. Қағанаттың даңқты билеушілері Құтлық, Қапаған, Білге-қағандар яғни, үш көрнекті қағанының кеңесшісі дана Тонькөк болды [5, 160 б.]. Қағанаттың құрамына кірген түркі тілдес тайпалар түрік бітік жазуын қолданған. Солтүстік Моңғолияда шоғырланған түркі руникалық жазуының ескерткіштері құнды тарихи және лингвистикалық материалдар болып саналады [6, 201 б.]. 692-716 жылдары Екінші Түрік қағанаты Қапаған қағанның тұсында өзінің әскери-саяси қуатының биік сатысына шықты. 698 жылы Қапаған қаған Тан империясына сәтті шабуыл жасап, қытай әскерін жеңеді. Қытайдың «Синь Тан шу» атты дерегінде Қапаған қаған туралы: «Қапаған тағы 100000 ху астық (қытайдың салмақ өлшемі бойынша 1 ху шамамен 60 киллограммға тең) пен 3000 егін сайманын және ондаған мың цзинь темір сұраған. Қытай императорының уәзірлері Ян Шоу т.б. «Қапағанның сұрағанын берейік» деген ұсыныс айтты. Сөйтіп Қапағанға астық, құрал-саймандармен қоса неше мың шаңырақ бағынған түрік тайпаларын қайтарып берді. Сол себепті түріктер күшейіп кетті. »жеңісіне масаттанған Қапаған барынша асқақтап алды. Оның сол кездегі әскер күші Сели қаған кезіндегі кезге таяп, құзырындағы жердің аумағы он мың лиге созылды. Варварлар түгел Қапағанның әміріне бағынды» [7, 182 б.], - деп жазады. Қатарынан ондаған сәтті әскери жеңістер мен жорықтардың салдарынан Қапаған бүкіл Орталық Азияның билеушісі болды.

716 жылы Қапаған қаған қаза тапқан соң, екінші Түрік Қағанатының билігінен Инал қаған келеді. Бірақ Иналдың қаған болғанына Құтлық қағанның ұлдары Білге мен Күлтегін келіспейді [8, 188 б.]. 708 жылдан кейін Көк түрік еліне басқа түрік тайпалары келіп қосылды. Бірақ қағанатқа қарсы түріктердің ірі тайпаларының наразылықтары да болып тұрды. Бүліктердің кейбіреулері қытайлықтардың қолдауымен болғанымен, олардың көпшілігі Қапағанның аяусыз, қатыгез көзқарасы салдарынан басталды. Нәтижесінде, Білге таққа отырған 716 жылға қарай, халық ұзақ соғыстардың салдарынан шаршап, кедейшілікке де ұшырады [9, 79 б.].

716 жылы Күлтегін батыр Түрік қағанатының саяси орталығы Өтүкенде әскери төңкеріс жасап, билік басына Құтлық қағанның үлкен ұлы, өзінің туған ағасы Могилянды әкеледі. Бастапқыда Могилян қаған тағына інісі Күлтегіннің отыруын сұрайды. Бірақ саяси билікті күшпен басып алған Күлтегін түркі елінің ескі заңын бұзбады, қаған атағынан бас тартты. Таққа ағасы Могилянды

отырғызып, оған «Білге қаған» деген лауазымды алып береді. Могилан «Білге қаған» деген құрметті атпен қаған тағына отырған Күлтегінді өзінің сол қолы етіп тағайындап, елдегі әскери істі соның қолына тапсырады. Дана Тоныкөкті өзінің жанына шақырып алып, мемлекет істері жөнінде одан ақыл сұрайтын болды [7, 188 б.]. Сол кезде Тоныкөктің жасы 70-тен асқан, ел-жұрты оны сыйлап, одан именетін еді [1, 273 б.]. Білге қаған Тоныкөктің түркі халықтары арасындағы беделі мен жеке басының ақылдылығын ескере отырып, оған бойла баға тархан шені мен мемлекеттік кеңесші қызметін қайтарып береді. Сонымен, өкімет басына қытай мәдениеті мен Тан империясының саяси басымдылығына қарсы күресу принципін ұстанған триумвират, яғни үштік одақ келді [6, 314 б.]. Тоныкөктің кеңесімен іргесі шайқалған қағанатты аман сақтау үшін Білге қаған Қытай империясымен бірден келісім жасауға ұмтылды. Себебі Білге қаған билікке келген кезде Екінші түрік қағанатының ішкі және сыртқы саяси жағдайы ауыр дағдарысты басынан кешіп жатқан болатын. Бұл жөнінде Білге қағанның құрметіне қойылған бітік таста да айтылған [10, 214 б.]. Сонымен, 716-734 жылдары Екінші Түрік қағанатының билеушісі Білге қаған болды. Қытай деректері оны Ашина Могилан деп көрсетеді. Көрегендігі мен білгелігіне байланысты Білге яғни данышпан деген атақ берілген. Қытайша Можилан немесе Могилан дегені сол Бұғы хан дегені болса керек [3, 245 б.]. Білге Бұғы қаған жас кезінде құдіретті билеуші Қапағанның қарамағында жиырма төрт жыл қызмет жасады. Он төрт жасында Тардуш халқына шад болып тағайындалады. Білге қаған қолына билікті алғаннан кейін інісі Күлтегін екеуі әкесі Елтеріс қаған мен Тоныкөктің құрған Екінші Түрік қағанатының мемлекеттілігін қалпына келтіру ісін жалғастырды. Орхон өзені бойындағы Білге қағанға арнап қойған мәңгі тастағы жазуға ол жиырма бес рет жорыққа шығып, он үш шайқасқа қатысқанын жазады. Білге қағанның өмірі аталарының өмірі секілді тақтың үстінде емес, аттың үстінде өтеді. Төрт тараптағы жауларды жеңіп қана қойған жоқ, өз жеңістерін тасқа жазып, келер ұрпаққа қалдыра білді. Бүгін түркі тарихының ең құнды жазба жәдігері болып табылатын бітіктастар яғни тас жазбалар – міне осы Білге қағанның орнатқан ескерткіштері [9, 80 б.]. Білге қаған түркі жазуының кемелденіп ең соңғы пішінін алуына орасан зор үлес қосқан болып шығады. Осы тұрғыдан ол «білге» деген лақапқа өзінің лайық екендігін дәлелдеп тұр. Білге қаған өзінің тасқа жазған өсиетінде Түрік халқын бірлікке шақырып, үндеу тастайды. Білге қаған осыдан кейін Түрік қағанатын қалай қалпына келтіргенін баяндайды:

«Түрік халқының атақ-даңқы өшпесіндеп,  
Тәңірі мені қаған отырғызды.  
Ең болмаса дәулетті халықты билемедім,  
Іші ассыз, сырты тонсыз,  
Әлсіз, әлжуаз халықты басқардым.  
Інім Күлтегінмен, екі шад,  
Інім Күллі-чормен ақылдастым,  
Ағамыз иелік еткен халықтың  
Аты өшпесін деп,  
Түркі халықы үшін, түн ұйықтамадым,  
Күнді отырмадым.  
Тәңірі жарылқап, құтым-бағым бар болғандықтан,  
Несібем бар болғандықтан,  
Өлімші халықты тірілттім.  
Жалаңаш халықты тонды қылдым,  
Кедей халдықты бай қылдым  
Аз халықты көп қылдым» [2, 103 б.].

Екінші түрік қағанатының билеушілерінің кеменгерлігін Тан империясының басшылары да мойындап, түркілерден үнемі қауіп-қатер күтіп отырған. 725 жылы қытай императоры елінің шығысындағы Тайшаньды араламақ болған еді. Мемлекеттік кабинет президенті Чжан Юе патшаға «әскерлерді бекіндіріп, түркілерден сақтанғанымыз жөн» деген ақыл айтты. Сонда әскери істер министрі Пэй Гуан-тхун: «тәңірі мен жерге тасаттық беру рәсімі сол тәңірі мен жер құдайына жеңіс хабарын жеткізу үшін жасалынады. Егер осындай кезде қайтадан қарулы күш қолдансақ, онда біз жеңіске жеттік деп айта алмаймыз ғой», – депті. Чжан Юе сонда: «Түркілер бітімге келейік дегендерімен, олармен өзара сенімді қарым-қатынас орнату қиын. Оның үстіне, олардың қағаны Білге өзінің ақниеті мен мейірбандығы арқасында қол астындағыларын баурап алған, ал Күлтегін – соғысқа шебер, Тоныкөк – көпті көрген байсалды. Бір-біріне сай келетін осы 3 ұлы тұлға біздің патшамыз бастаған бүкіл елдің күші шығысты аралап кетті дегенді естіп, сол орайды пайдаланса, біз олардан неменемізбен қорғанамыз» [7, 276 б.], – дейді.

Білге қағанның қарамағындағы түркі халқын әділ әрі шебер басқара алуы арқасында және қолбасшы Күлтегіннің әскери жеңістері мен Екінші Түрік қағанаты қайта жаңғырды. «Күдіретті үштіктің» – Білге қағанның, Күлтегіннің және Тоныкөктің мақсаты – Қағанатты қалпына келтіру болатын. Білге қаған – Тоныкөк – Күлтегін, яғни «үштік» жүргізген қағанаттың ішкі және сыртқы саясаты өз нәтижесін берді. Қапаған хан басқарған кезеңдегі «аш-жалаңаш» тозған елді «үштік» киіндірді, байытты және көбейтті. Нәтижесінде 722-741 жылдар арасы түркілер үшін тыныштық орнаған уақыт болды [11, 78 б.].

731 жылы Күлтегін қайтыс болады. Күлтегіннің қайтыс болғанын естіп, оның қазасына дүниенің төрт бұрышынан көңіл айтуға елдер мен мемлекеттерден елшілер келеді. Білге қаған Күлтегіннің қайтыс болғанын хабарлап, арнайы киелі орын құрылысын тұрғызатын шеберлер мен бәдізшілерді жіберуін өтініп, Тан империясынан көмек сұрайды. Ол туралы Күлтегін ескерткішінің мәтінінде Білге қағанның атынан «Мен мәңгітас тіктім (тұрғыздым). Табғач қағаннан бәдізші келтірдім. Менің сөзімді қайтармады (сындырмады). Табғач қаған (император) Ордадағы бедерлеушісін (шеберін) жіберді. Көңілдегі сезімді шектірдім» [12, 120 б.], – деп жазып қалдырды. 734 жылы Білге қағанды қытай императорының мол сыйлығына сатылған түрік ақсүйегі улап өлтіреді. Өзінің уланғанын білген Білге қаған сатқынды бүкіл әулетімен жазалауға бұйрық береді [3, 254 б.].

Түркі тайпаларының біріктіріп, мемлекетке айналдырудағы ұлы жорықтарда қаһармандық істерімен атақтары жайылған Білге қағанның зор жетістіктерін мәңгі есте қалдыру үшін арнайы өзі дайындатқан зәулім қабырға тастарға көне түркі бітіктің таңба-әрпімен жазу жазып, тарихи дерек ретінде, баласы Иоллығ-тегін жаздырып, келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырды.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.
2. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Алматы: Абзал-Ай. – 2003. – 312 б.
3. Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008. – 552 б.
4. Смағұлов Н.Б., Ташағыл А. Күлтегін жазбасындағы ежелгі түркілердің манифесті. //Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия сериясы. – 2015. – №3 (79). – Б. 52-60.
5. Ташағұл А. Kök Tanrı'nın Çocukları. – İstanbul: Bilge Kültür Sanat, 2015. – 368 s.
6. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
7. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Том I. - Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1950. – 470 с.
8. Çandarlıoğlu G. İslam öncesi Türk tarihi ve kültürü. – İstanbul, 2013. – 104.
9. Ташағұл А. Bilge kagan'ın vasiyeti. – İstanbul: Bilge kültür sanat, 2017. – 88 s.
10. Ташағұл А. Gök-Türkler. I-II-III Cilt. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 2014. – 473 s.
11. Сыздықов С.М. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарих және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
12. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

#### Ә. ЕРМЕКОВТЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУДАҒЫ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ

**Тарыбаева А.К.**, магистрант

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Бейсенбекова Н.А.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Бүгінгі қазақ ұрпақтарының қол жеткізген тәуелсіздігі мен табыстары, әрине, жүздеген жылдар бойы тынымсыз жүргізген ұлт-азаттық көтерілістерінің, еңселі еркіндікке деген құлшыныстарының нәтижесі екені даусыз. Осындай ұлы мақсат жолында, өткен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Алаш зиялыларын толғандырған елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын, қазақтың дербес мемлекетін құру еді.

Алаш зиялыларының аса ірі тарихи еңбегі қазақ жерін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Әлімхан Ермековтың осы бағыттағы қажырлы еңбегі кейін, Қазақ